

егемен Қазақстан

Қазақтың тыйымдары

Бір замандары қазақтың қате баспауына халық тыйымдары өлшеусіз септігін тигізгені рас. Тіпті тұрмыс-салт тәрбиесінде заң орнына жүрді десек те, қателесе қоймаймыз. Үлкен-кіші пенделікпен теріс сөз айтып, теріс қарекет жасағанда артынан тыйым ұғымдарын есіне түсіріп отыратын болған.

Тыйым сөздерді ескермеген адамның хайуан тірліктен бас тартпайтынын, сөйтіп, адамға тән кие мен құттан айырылып, күнәға батып, күнәһар болатынын айтып отырған. Тыйымды орындамаса тәрбиенің қиын болатынын тұспалмен де, төтесінен де еске салған. Қазір сол тыйымдарды түкке тұрғысыз еткеннен тапқан пайдамыз шамалы. Есесіне, ата-ананы ардақтап, туған жердің қасиетін ұқпай есіргендер көбеймесе азаймай тұр. Тыйым сөздер де ұлттың ұлы байлығы. Бабаларымыздан жеткен, даналардың ақыл-ойынан туған тұнып тұрған құндылық. Қатпар-қатпар асыл қазына, философиялық байлам пайымдар. Кейде өзіміздің өнегемізді ысырып қойып, талғап талдамай, таразы басында текшеп алмай, өзгенің бір өресізіне өрекіп барып жабысатынымыз бар. Одан тапқан пайдамыздан гөрі зиянымыз шашетектен. Соның бір мысалы, азат қазақтың ұлттық киім үлгілерін әлі күнге бір қалыпқа келтіре алмай біріміз батыстың, екіншіміз шығыстың, үшіншіміз тағы біреудің қызыл-жасылын киіп, үлкеніміз жасарсақ деп, кішіміз әдемі болсақ деп әурелікпен күн кешіп жүрміз. Енді жаман әдет, жат пиғылдан, теріс мінез, тексіздіктен, жөнсіз сөзден, жолы жоқ істен сақ болуға үйрететін тыйым сөздерден дәлел дәйек келтіріп көрелік. Бұл – тәрбие құралы ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан, бүгінгінің оқыған кітабындай, тоқыған өрмегіндей дүние деп білеміз. «Бетіңді баспа, жағыңды таянба», дейді қазақ. «Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым, жалма-жан», демейтін бе еді Абай? Ұяттан безіп, жасаған арсыздық ісі ашылғанда, не күнәға батып, ол жария түскенде пенде бетін басады. Жақты таяну да, жақсылықтың нышаны емес. Амалы құрып, айласы таусылған адам сол күйге түседі. Бұл арада жақсы ырым – әркімге бақ, теріс ырым – жат дегенді ұқтырады. Соны есіне сақта дегенді де алға тартады. «Жерді сабама, жерді тепкілеме, күлді шашпа», депті бұрынғылар. Анаға теңейтін жердің киелі екенін, оны тепкілеуге болмайтынын, күлді шашу жақсылыққа апармайтынын, оның үстіне бұрқырап үстіңді шаңдататынын, тынысыңды тарылтатынын айтады. Оттан шыққан күлмен кет»,

деген сөз бар емес пе? «Құдыққа түкірме, ыдысқа түкірме, көкке қарап түкірме, көк шөпті жұлма», деген де қағида бар. Құдық суын былғасаң, елге кесел келтіресің, ыдыс-ты былғайсың, көкке түкірсең түкірігің төбеңнен түседі, көк шөпті жұлу да көрегендік еместігін еске салады. Халық арасында «көктей жұлын» деген ауыр сөз бар. «Мойныңа жіп салма, пышақтың жүзін жалама, таңдайыңды қақпа, басыңды шайқама, ішегіңді, табаныңды тартпа» – бұл сөздердің де тамыры тереңде жатыр. Мойынға жіп салу арам өлімге итермелейді десе, пышақтың жүзі тіліңді кесіп кетеді, таңдайыңды тақылдатсаң, басыңды шайқасаң оқыс оқиғаға тап боласың, бұдан аулақ бол деген емеурінді есіңе салады. «Жалғыз ағашты кеспе, құстың ұясын бұзба, атқа теріс отырма, ұрлық қылма, зорлық жасама, үлкеннің бетінен алма, шашыңды, тырнағыңды өсірме» – мұның бәрі де балаларға таптырмас ақыл. Егер осыны ұл мен қыздың санасына сіңірсек, теріс қылық, жат іске олар бармайды. Қыз – ұлттың ұйытқысы, ұрпақтың – анасы дейміз. Бұрынғы әжелер: «Қызға қырық үйден, қала берсе қара күннен тыйым», дегенді мәнімен, мәнеріне келтіріп айтып, соңын ер-азаматтарға тіреп қоюшы еді. Себебі әйел ерге қарайды, ер жерге қараса не болатынды майдан қыл суырғандай етіп жеткізіп жататын. Мұны кеменгерлік демей не дерсің? Текті ұрпақ осы тыйым сөздерді бұлжытпай орындаса, оны алдыңғы ұрпақ елеп-ескеріп, бабалар тағылымы деп ойына орнықтырса сымдай тұзу болып өсетініне біздің иманымыз кәміл. Мұндай аталы ұғымдарды атан түйеге жүк деп аясын тарылтпай, бұрынғыдан қалған дана ойларды жүйелеп, том-том кітап жазсақ, ұрпақ үшін тәрбие құралы болары сөзсіз. Осы жағынан келгенде, қазақтың тыйым сөздері мен сол сөздерден тамыр тартатын ордалы ойларын заман ағымына қарай таңдап алып кәдемізге жаратсақ, тіпті ұл-қыз өсіріп отырған әр ата-ананың қолындағы құралына айналса, қане. Тіпті төрткүл дүние елдерінің жақсы қағидаларымен қабыстырып, тың идеяларды туындатып, тұғырын мықтасақ құба-құп. Біз көбіне ұлттық жәдігерлерімізді айтуға бармыз да, оны қолдануға келгенде салақтық танытатынымызды жоққа шығара алмаймыз. Мысалмен сөйлегенде де, өзімізден гөрі басқалардың ақылдыларына, не тыйым сөздеріне жүгіну жағынан жүйріктік танытамыз. Ендеше, ұлттық құндылықтың бір саласы саналатын тыйым сөздерді де қажетке жаратып, жастардың көкейіне қондырсақ, ұтылмаймыз, ұтамыз.

Сүлеймен МӘМЕТ